Осының бәрі ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге, оның өнімділігін арттыруға қолайлы жағдайлар тудырды. Бірақ, республиканың ауылшаруашылық органдары мемлекеттен берілген ақша қаражаты мен қуатты техниканың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етпеді, осының салдарынан ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетуге елеулі кедергі келтіретін ірі кемшіліктер болып отыр.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің совхоздары күрделі құрылысқа бөлінген көп қаржыны жылдан жылға пайдаланбай келеді. Соның екі жылдың ішінде мал қораларын және басқа құрылыстар салуға, энергетикалық жабдықтарға бекітілген бюджет қаржысынан 45 миллион сомдай қаржы пайдаланылмай қалды, ал оның бер жағында совхоздардың мал қораларымен қамтамасыз етілуі өте жеткіліксіз.

Көптеген совхоздар үнемшілдік тәртібін сақтамайды, материалдық және ақша қаражаттарын артық жұмсауға жол береді, ал мұның өзі өнімділік пен мал шаруашылығы өнімдерінің едәуір қымбаттауына және көп зияннан болуына әкеліп соқтырды. 1952 жылы республиканың совхоздарында нақты өндірілген өнімнің өзіндік құны мал шаруашылығы бойынша жоспардағыдан 125 миллион сом, егін шаруашылығы бойынша — 86 миллион сом жоғары болды.

Машина-трактор және машина-малшаруашылық станциялары қарамағындағы машиналардың қуатын толық пайдалануды қамтамасыз етпейді. Олардың көпшілігі машина-трактор паркін сақтауда және ұстауда салақтыққа елжынады. Осы себептен 1952 жылы 1745 трактор, 2194 комбайн және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналары жұмысқа қатыспады. 1953 жылдың алғашқы жартысында МТС-тер 1.161 тонна жанармайды артық жұмсады. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге артық жұмсалған қаржы 9 миллион 100 мың сомға жетті, трактор жұмыстарының өзіндік құнының қымбаттауы 7 миллион 557 мың сом болды.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жағында болған сентябрь Пленумы республиканың ауыл шаруашылығына, әсіресе оның жетекші саласы — мал шаруашылығына басшылық етудегі елеулі кемшіліктерді қатты сынғады. Орталық Комитеттің Пленумы қабылдаған «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулыда еліміздің өгіншілігі мен мал шаруашылығын шұғыл өркендетудің нақты жолдары көрсетілді.

Орталық Комитет Пленумының қарарлары Қазақстанның барлық партия, совет және ауылшаруашылық органдарының барлық еңбекшілерінің қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру күресіндегі істерінің жауынгерлік программасы болып табылады.

Біздің міндетіміз Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын ойдағыдай орындауға бағытталған ұйымдастыру жұмысын жедел өрістетуде болып отыр.

Депутат жолдастар! Жоғарыда баяндалғанындай, республиканың 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде халық шаруашылығы мен мәдениет құрылысын оған әрі өркендетуге орасан көп қаржы жұмсау көзделген. Министрліктерден, ведомстволардан және жергілікті Советтердің атқару комитеттерінен бюджеттің кірістерін мезгілінде және толық орындап қана қоймай, сонымен бірге мемлекет қаржысын тиімді және үнемді пайдалану талап етіледі.

Кейбір министрліктердің, ведомстволардың басшылары және еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттері тарапынан ойдағыдай бақылау жасалмауы салдарынан мемлекет қаржысына жұмсауда ысырапкерлікке, қаржыны көп жұмсауға, финансе тәртібін өрескел бұзуда жол берілетін фактілері әлі де аз емес. 1952 жылы финансе органдары халық ағарту мекемелерінде 5 миллион 500 мың сомның және денсаулық сақтау мекемелерінде — 3 миллион 900 мың сомның заңсыз, сметадан тыс жұмсалғандығын анықтады. Бірақтар мекемелерде штаттан тыс қызметкерлер ұсталып, көтеріңкі ақы төленіп, басқару аппаратын ұстауға арналған сметадағы қаржының көп мөлшерде артық жұмсауына жол берілген.

Министрліктер мен олардың жоғары басқармалары, трестері, ведомстволар, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шаруашылық-финансе жұмысына анағұрлым іскерлікпен көңіл бөліп, олардың мемлекет қаржысын дұрыс пайдалануын бақылауды күшейтуге тиіс. Экономика, есеп жұмыстарының, әсіресе, ішкі ведомстволық бақылаудың сапасын жақсартып, осы ма-

ңызды учасюктерді тәжірибелі және істе сынналған мамандармен нығайту қажет.

Шаруашылық жоспарларды орындау, ішкі қорларды пайдалану және үнемшілдік тәртібін сақтау жолындағы күресте финансе органдары зор роль атқарады. Бірақ, республиканың финансе органдары кәсіпорындардың, халық шаруашылығы салаларының экономикасын әлі де қанағаттанғысыз зерттеп, кәсіпорындардың шаруашылық-финансе жұмысындағы кемшіліктерді мезгілінде ашпайтынын, бухгалтерлік есептер мен баланстарға мезгілінде және сапалы талдау жасауға ойдағыдай көңіл бөлмейтінін мойындау керек. Осының салдарынан олар кәсіпорындар мен ұйымдардың өндіріс жоспарларын орындауына, өткізу жоспарларын орындауына, кәсіпорынның рентабельділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар жасамайды, демек мұндай ұсыныстарды жүзеге асырмайды.

Финансе органдары мен банктер барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық және финансе жоспарларын орындауын, олардың бюджет алдындағы міндеттемелерін мезгілінде және толық орындауын, мемлекет қаржысын жұмсауда үнемшілдік тәртібін қатаң сақтауын бақылап отыруды батыл күшейтуге тиіс.

Депутат жолдастар! Министрлер Советі Жоғарғы Советтің бекітуіне ұсынып Қазақ ССР-інің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті республикамыздың еңбекшілерінің түбірлі мүдделеріне бүтіндей және толығымен сай келеді. Ол — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің социалистік экономика мен мәдениетті үздіксіз өркендетуге, совет халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған саясатын бейнелейді. Партия мен үкметтің саясатын ойдағыдай жүзеге асыру жұмысына табы мен қолхосның шаруалардың одағын, еліміздің халықтарының достығын және бүкіл советтік қоғамның моральдік-саяси бірлігін бұрыштыдан анағұрлым нығайтады, социалистік мемлекеттің экономикалық қуаты мен қорғаныс қаблетін, совет халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдени тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан да жоғары көтереді.

Министрліктердің, ведомстволардың және Советтердің міндеті мынада: шаруашылықты ұқыптылықпен, іскерлікпен жүргізіп, өндіріс экономикасының мәселелеріне қатты көңіл бөліп, мемлекеттік тәртіпті нығайтып, 1953 жылғы халықшаруашылық жоспары мен бюджеттің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету керек.

Советтік Қазақстанның еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен 1953 жылғы халықшаруашылық жоспары мен Мемлекеттік бюджетті ойдағыдай орындау үшін барлық күшін жұмсап, елімізде коммунизм орнату ісіне өзінің лайықты үлесін қосады, бұған ешқандай күмән жоқ. (Қолшапалақтау).

Мал шаруашылығына қамқорлықты күшейте түсейік

Мал шаруашылығын өркендете береміз

СОКП XIX съезінің қарарларында ауыл шаруашылығының жетекші салаларының бірі мал шаруашылығын барынша өркендетіп, оның өнімділігін арттыру — мал шаруашылығы қызметкерлерінің басты міндеті екендігі айтылды. Бұл міндетті ойдағыдай орындау жолында Тоқшын совхозының коллективі айта қаларлықтай жұмыстар істеді. Атап айтқанда мал саны көбейіп, сапасы жақсарды, одан алынатын өнім де арта түсті.

Совхозда мал басы үнемі төл есебінен өсіп келеді. Көзір жылқы мен шошқа өсіру жоспары асыра орындалды. Қарамағ өсіру жоспары орындалуға жақын. Алынған төл де шығынсыз өсірілуде. Төл өсіруге бұзау күтушілердің еңбегі сүйсінерліктей. Төл күтушілер Нефедова, Колесникова жолдастарды бүкіл совхоз коллективі мақтан етеді. Олар бірнеше жылдан бері бұзау күтуші болып істеп, бұдан мол тәжірибе алды. Олар қарамағындағы төлдердің күтімсіне ерекше көңіл бөліп, бұзаудың тәулік сайын саямақ қосуын нормадағыдан да асырып отырды.

Көзір совхоздағы малдардың қоңы өте жақсы. Бұған жайылымды жерлерді дұрыс пайдалану зор әсер етті. Мұның өзі оның өнімділігін арттыруға жағдай жасады. Сыйырдан сүтті көп алу мақсатымен жаздың ыстық күндерінде сауын сыйырларға екіне жоңышқа шөп берілді. Бұл өзінің тиісті нәтижесін көрсетті. Сыйырлардан сүт мол сауылды. Алдыңғы қатарлы сауыншы Әдірашитова жолдас өзіне бекітілген әр сыйырдан 2441 литр сүт алды. Сауыншылар Васильева, Петрунича, Клячкова жолдастар да жоспардан тыс сүт сауып, жақсы табыстарға жетті. Совхозда мемлекетке сүт тапсырудың айлық, тоқсандық жоспарлары үнемі асыра орындалып келеді.

Мал қыстату маусымын үлгілі өткізуге әзірлік жұмысы ерте бастан қолға алынды. Соның нәтижесінде малға керекті жемшөп жеткілікті дайындалды. 48 мың центнер шөп шабылып, маяланды, 22 мың центнерден аса шөп күрленді. Шөп шабу жоспары артығымен орындалса да, бұл жұмыс әлі де жүргізілуде. Концентрат азығы өткен жылғыға қарағанда біржарым есе артық дайындалды. Егілген жемістамырлы шөптің шығымы мол болып, оның әр гектарынан 138 центнер

Ферманың жұмысы неге нашар

Көзір мал фермалары алдында өте зор міндеттер тұр. Демек, ферма қысқа барлық жағынан әзір болулары керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда Жамбыл атындағы қолхоздың (Октябрь ауданы) ірі қара мал фермасындағы жұмыс неге нашар

өнім алынды. Егіннің сабаны мен топаны жыйналып, маялануда.

Совхоз егін ору, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мезгілінен бұрын орындады. Мұның өзі мал азығын қораларға тасып алуға көп күш бөлуде мүмкіншілік туғызды. Шөп шабуда 3 трактор, 35 көлік арбасы жұмыс істеп жүр. Олар күн сайын 650 центнерден астам шөп тапсырды.

Малға кең, жылы, жарық қоралар өзірлеудің маңызы өсе алынып, бұған ерекше көңіл бөлінуде. Бұрынғы 26 мал қорысының 20-сы жөндеуден өтті. Ескі қораларды жөндеу жағында аяқталады. Жаңадан жүз бұзаулық төл үйі, 150 мал орналасатын сыйыр қора және шошқа қорасы салынып жатыр. Бұл жұмысқа тағайындалған адамдар өнімді еңбек етуде.

Фермадағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механизациялау ісі қолға алында. Қысқы уақытта фермада 5 азық буландырып және бірнеше шөп тұратыштар іске қосылды. Бұлар жөнделіп болды.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында елімізде мал шаруашылығының артта қалып келе жатқандығы айтылды. Пленум, мұнымен қатар, бұдан былай мал шаруашылығын өркендету берудің зор программасын белгілеп берді.

Пленум қаулысында атап көрсетілген кемшіліктер бізде де орын алып келе жатқандығын мойындауымыз керек. Мәселен, фермадағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды комплексті механизациялауы өлі де болса қанағаттанғысыз жүргізілуде және сүт саууда сауыншылардың барлығы бірдей жақсы көрсеткіштерге жетіспей жүр.

Біздің алдымызда тұрғын басты міндет — осы кемшіліктерді тез арада жойып, Пленум қаулысында көрсетілген міндеттерді іс жүзіне асыру жолында бар күш-мүмкіншіліктерді пайдалану, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу, мал басын көбейтіп, сапасын жақсарту, олардан алынатын өнімді арттыру.

Біздің совхоз коллективінің бұл міндеттерді аброймен орындайтыны сөзсіз.

М. МЕЙІРБЕКОВ,
Тоқшын совхозының директоры.

Депутат Қ. ОСПАНОВТЫҢ сөзі

Депутат жолдастар! СОКП Орталық Комитеті сентабрь Пленумының қаулысы ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетіп, дамытудың кең программасы болып табылады. Коммунистік партия таяудағы екі-үш жыл ішінде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасап, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен толық қамтамасыз ету міндетін қойып отыр.

СОКП Орталық Комитеті Пленумы қаулысының біздер, қазақстандықтар үшін ерекше зор маңызы бар. Орталық Комитеттің Пленумы Қазақ ССР-інде ауыл шаруашылығының және әсіресе, мал шаруашылығының елеулі артта қалғандығын атап көрсеткендігі мәлім.

Біздің жұмысымыздың сыналуды әбден дұрыс. Солтүстік Қазақстан облысын мысалға алайық. Астық дайындау жоспарын өткен жылғыдан 20 күн бұрын орындадық, алайда, облыс соңғы бірқатар жылдар бойы егін шығымдылығы жоспарын орындауға жетісе алмай келеді. Көптеген колхоздар мен совхоздарда егіншіліктің мәдениеті төмен. Сондықтан да біз картоп, овощ, жеміс тамырлы өсімдіктер сияқты аса маңызды дақылдардан мейлінше төмен өнім алып жүрміз. Жыл сайын артта қалып жүрген шаруашылықтар аз-ғана алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың көлемесінде қалып келеді.

Кәзір облыстың партия, совет және ауылшаруашылық органдары партияның Орталық Комитеті сентабрь Пленумының

қарарларын жүзеге асыру жөнінде нақтылы шаралар белгілеуде. 390 агроном, зоотехник, механик партияның шақыруына жауап беріп, МТС-терге, колхоздар мен совхоздарға жұмысқа баруға тілек білдірді. Олардың ішінде бұрын ауыл шаруашылығында көп жылдар істеген техник Шавшин жолдас, Галин жолдас, электр механигі Суздальев жолдас, агроном Балашев жолдас және басқалары бар.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларымен жігерленген колхозды деревня еңбекшілері 1954 жылдың өзінде дөңді дақылдардың әрбір гектарынан 15—17 центнерден өнім алу үшін еңбектенуде. Облыстың колхоздары мен совхоздары кәзірдің өзінде игерілген егін алаңдарының өнімділігін арттыру есебінен алдымыздағы жылы мемлекетке астықты быйылғыдан біржарым есе артық тапсыруға мүмкіншілік алып отыр.

Бізге өз пайдалануындағы жер мөлшерінде егіс көлемін едәуір арттыра алатын колхоздар мен совхоздар аз емес. Бұл—астықтың, картоптың, овощ пен басқа дақылдардың жалпы өнімін арттырудың қосымша қайнар көзі болып табылады. Ендігі бір жағдай. Біздің облысымызда колхоздар мен совхоздардың ауыспалы егісіне еңбей қалған өнімді көп беретін жерлер бар. Біз оларды меңгеру міндетін қойып отырмыз.

Солтүстік Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының қоғамдық өнімді мал

шаруашылығын өркендетуге зор мүмкіншіліктері бар. Алайда, бізде шаруашылықтың бұл саласы бәрінен де артта қалып отыр. Сыйыр мен жылқы өсіру жөнінде біз 1928 жылғы дәрежеге, ал, қой өсіру жөнінде 1941 жылғы дәрежеге де жетіспегендігіміздің өзін-ақ айту жеткілікті. Қоғамдық мал шаруашылығы жайының мұнша қанағаттанғысыз болуының себебі—ен алдымен малды бағып күтуді ұйымдастырудың нашарлығынан. Облыстың колхоз, совхоздары малдың төл есебінен өсуін қамтамасыз ете алмай, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын жылдан-жылға орындай алмай келеді.

Республикада біздің облысымыз мал шаруашылығының ең өнімді аймағы болып есептеледі. Ал, бізде әрбір 100 гектар шабындыққа (колхоздар бойынша) небары 5 бас ірі қара малдан ғана келеді, оның ішінде 1,2 сыйыр, 14 қой, ешкі, 1,2 шошқа және 2 құстан келеді, ал, мал шаруашылығы өнімін (100 гектар шабындық бойынша) мына мөлшерде ғана тапсырып жүрміз: 2 центнер ет, 7 центнер сүт, 0,17 центнер жүн және 119 жұмыртқа. Мал шаруашылығы, әсіресе, ірі қара мал өнімінің мейлінше төмен болуы себебі біз мал шаруашылығы мәселесімен үстірт шұғылдандық, мал өсіру структурасын бұрмаладық, аналық мал басын сақтамадық. Осының салдарынан сауын сы-

йыр басы 1933 жылы 31 процент, 1941 жылы 25,7 процент, 1953 жылы небары 23 процент қана болды. Қой мен мегежін жөнінде де жағдай осындай.

СОКП Орталық Комитеті сентабрь Пленумының қаулысын орындай отырып, аналық малдарды бағып, күтуді және төлдерді сақтауды жақсарту жөнінде шаралар белгілен жатырмыз. Біз таяудағы 2-3 жылда сауын сыйыр сабын 40 процентке дейін жеткізуді есептен отырмыз.

Малдың өнімділігін арттыру мәселесін шешу үшін тек аналық малдарды көбейту ғана жеткіліксіз. Малдың тұқымын асыздандыру, мал шаруашылығы мәдениетін арттыру мәселелерін де шешу қажет. Облыстың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары кәзірдің өзінде әрбір сауын сыйырдан 4 мың литр сүт сауып, әрбір қойдан 3-4 килограмға дейін жүн қырқып жүр. Мамлют асыл тұқымды мал совхозы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 3800 литрге дейін сүт алуда, совхоз быйылы жылы 4 мың литр сүт саумақ.

СОКП Орталық Комитеті сентабрь Пленумының қарарларын жүзеге асыра, алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжірибелеріне сүйене отырып, біз облыстың ауыл шаруашылығындағы және әсіресе, мал шаруашылығындағы жағдайды таяудағы екі жылда шұғыл жақсартамыз.

Барлық қорды іске қосамыз

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Қызылорда облысының колхозшылары мен механизаторлары СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын орасан зор қанағаттанғандық сезіммен және ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөнінде партия алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындауға әзірлікпен қарсы алды. Сырдария ауданының Жамбыл атындағы колхозының председатели Ким жолдас былай деп мәлімдеді:

— Біздің колхоз — көп салалы ірі шаруашылық. Быйыл ерте егілген дөңді дақылдар мен күріштің өнімі жоспардағыдан артық болды. Картоптың шығым-

дылығы да жоспардағыдан екі есе дерлік артты. Бахша дақылдарының әр гектарынан 500 центнер өнім жыйнадық. Қоғамдық мал өсіру жоспары да барлық түліктен асыра орындалды.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын талқылай келіп, біз барлық қорларды іске қосуға, әсіресе, овощ шаруашылығына ерекше көңіл болуді ұйғардық. Алдағы жылы картоп егісінің көлемін үш есе ұлғайтамыз. Быйынғы жылдың тәжірибесі ерте отырғызылған картоптың әр гектарынан жүз мың сомға дейін табыс алуға болатындығын көрсетті. Картоптан босаған

жерді басқа дақылдарға пайдаланып, одан тағы бір рет өнім алуға болады. Парник шаруашылығын жасау белгіленді. Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатын көздеп, Әулиеата тұқымды 170 қашар мен үш тайынша бұқа сатып алдық. Бұлар үшін стандартты жаңа қора салынып, жоғары сапалы шөп, малазықтық қызылша, жақсы сүрленген жемшөп бөлінді. Сауын малын азықтандыру, бағып-күту жұмысы жақсартылуда. Жемшөп қоры қажетті мөлшерден анағұрлым артық. Барлық қоғамдық мал жылы қорамен, бұ-

кіл қыс бойына жететін азықпен қамтамасыз етілді.

Біз егіннің шығымдылығын арттыру есебінен астықтың жалпы өнімін молайтуды алдымызға міндет етіп қойдық. Быйыл 50 гектар жерге күріштің «дубовский» сорты себілді. Осы участке күріштің шығымдылығы басқа участктерден гөрі едәуір жоғары болды.

Бізге басқа қорлар да аз емес. Кәзір күріш жыйнаумен қатар, алдағы жылғы егінге берік негіз қалап, зяб жұртудамыз. Ауыспалы егістік жер жоспарлауға.

Мамандар МТС-ке қайтып баруда

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбе ферросплав зауыдының партия комитетіне электрод заттары цехының жұмысшысы партия мүшесі Константин Петрович Колесниктен арыз түсеті. Ол өзінің арызында былай деп жазған:

«Партияның шақыруына жауап ретінде МТС-те тұрақты жұмыс істеуге қайта барғым келеді. Мені Ақтөбе облысындағы Мартөк машина-трактор станциясына жіберуді өтінемін».

Ауыл шаруашылығының ондаған мамандары—облыстың өнеркәсіп орындарын

да істейтін тракторшылар, комбайншылар, участоктық механиктер, агрономдар өз мәңділығы бойынша жұмыс істеу үшін ауыл шаруашылығына қайтып баруға тілек білдірді. Ферросплав зауытында жеті адам, Оренбург темір жолының Ақтөбе бөлімшесінде—бес адам селода тұрақты жұмыс істеуге баратын болды. Хромтау рудниктерінде, Шалқар паровоз депосында және басқа кәсіпорындарда істеген көптеген комбайншылар мен тракторшылар МТС-терге қайтып баруда.

Бұл сұраққа мынадай жауап беруге болады. Еңалдымен мұнда еңбек ұйымдастыру ісі нашар. Сауыншылар жетіспейді. 22 сауыншының орнына 12 сауыншы ғана жұмыс істейді. Сондықтан әрбір сауыншы күніне 12-14 сыйыр сауудың орнына, 20 сыйырма дейін сауады.

Сыйыр сауу осындай нашар ұйымдастырылғандықтан фермада сүт дайындау жоспары ай сайын орындалмай келеді. Мәселен, Айбарша Кеңжакина, Кәтеш Күлікова сияқты сауыншылар күндік нормаларын бір рет те орындаған емес. Оның үстіне сауылған сүттің есебі дұрыс жүргізілмейді, оның талан-таражға түсуіне жол беріледі.

Фермада бұзаулардың күтімі де төмен. Жас бұзауларға азық мезгілімен берілмейді. Бұзауларды бағып, күтуге колхоз басқармасы әлі күнге тұрақты адам тарапайндалмай келеді. Мұнда малды жайып, семиртетін, сүтті көп алатын ең шешуші айлар осындай жауапсыздықпен өтуде.

Жаңадан салынатын қоралардың құрылысы, ескі қораларды жөндеу ісі қолға да алынбаған. Оның біразы көң-қыйдан тазартылған да жоқ. Бұзаулар көбінесе, саздың, қыйдың үстінде жатады.

Мал қораларын жөндеу кезекке қойылуда

Преснов ауданындағы «Красное знамя» колхозында ауылшаруашылық жұмыстарының бәрін де бір-бірімен ұштастыра жүргізуге күш-мүмкіншіліктер әбден жетеді. Бірақ, аял не, колхоз басшыларының іске біржақты ғана басымылық жасауларының салдарынан мұнда мал қыстатуға әзірлік жұмыстары нашар жүргізіліп келеді.

Колхоздың мал фермаларындағы бұрыннан пайдаланылып келген қоралардың бірде-бірі әлі күнге дейін жөндемей ашық-тесік күйі тұр. Қой тұратын қоралардың қыйы тазартылмаған. Жас төлдерді күтетін үйлер де жөндеуден өткізілмеген. Оның үстіне мұнда төл қорасы жеткіліксіз. Малшыларға арналған тұрғын үйлерді де жөндеудің жайы осындай. Тұрғын үйлердің еден тактайларын кім-көрінген алып кеткен. Осыған қарамастан колхоз басшылары қораларды, тұрғын үйлерді жөндеу ісін шын мәнінде ұйымдастырмай, жайбарақат отыр.

Жаз айларында, әсіресе, қойларды жайылымдарда бағу дұрыс ұйымдастырылмаған. Бұл кәзірдің өзінде қойлардың күйінің төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

жанына тасу жұмыстарын ойлап отырған ешкім жоқ. Осы күнге дейін мал қыстайтын орындарға бірде-бір арба шөптің тасылауы осыны дәлелдейді.

Фермада жұмыстың нашарлап кетуіне ферма меңгерушісі Күлікков жолдас тікелей кінәлі. Өйткені, ол арқаны кенге салып, ферманың жұмысына нашар басымылық жасап жүр. Ол фермада оқта-текте ғана болады, көбінесе колхоз орталығында жүреді.

Бұл фермада үгіт-бұқаралық жұмыстары да нашар. Үгітшілер фермада сирек болады. Малшылар арасында социалистік жарыс шарты ұйымдастырылмаған.

Колхоз басшылары фермадағы осындай елеулі кемшіліктерді көрмей отыр дегуге бола ма? Әрине, жоқ. Солай бола тұрса да, олар ферманың жұмысына нақтылы басымылық етпей келеді.

Колхоздағы бұл сияқты кемшіліктер аудан басшыларына да көптен мәлім. Дегенмен, аудан басшыларынан да бұл колхозға тиісті көмек болмай келеді. Олар бұған енді қашанға дейін төзер екен?

Ғ. ТАЙМАСОВ.

Ол-олма, ондаған қой қотыр болған. Солай бола тұрса да, қойларға зоотехникалық-малдәрігерлік емдеу шаралары жүргізілмей келеді.

Мал қыстатуға әзірліктің және мал бағудың нашар болып отырғанына колхоз басқармасы, оның председатели Сулов жолдас қыжылар емес. Сулов жолдас «Мал қораларын жөндеуге әлі уақыт бар, мына егін жұмыстары ыңғайлансын...» деумен келеді. Ал, ферма меңгерушілері қораларды жөндеу жұмысын ұйымдастыруды өздері басқармай, колхоз председателинің «нұсқауын күтумен» жүр.

Малдың қолда күтілуіне көп уақыт қалған жоқ. «Красное знамя» колхозының басшылары мал қораларын әрі тез, әрі сапалы жөндеуді, дайындалған мал азықтарын қыстауларға тасуды шұғыл қолға алып, мал қыстату маусымына әзірлікті қамтамасыз етуге тиіс.

С. ТЕМЕШЕВ.
Ж. ДҮЙСЕКЕЕВ.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Республиканың ауылдары мен селоларына жұмысқа баратын мамандардың кеңесі

Осы жылғы 26 сентабрыде ҚКП Орталық Комитетінде колхоздар мен совхоздарға, МТС-терге, ММШС-тер мен ММС-тарға түпкілікті қызметке баруға тілек білдірген Алматы қаласының бір топ мамандарының кеңесі болды. Кеңеске Алматының кәсіпорындары мен мекемелерінде жұмыс істейтін 70-ке жуық инженерлер мен зоотехниктер, агрономдар мен механиктер, тракторшылар мен комбайншылар

қатысты. Олар колхоздар мен МТС-терде істелетін жұмыстар туралы пікір алысып, бірнеше тілектер білдіресті.

ҚКП Орталық Комитетінің секретары Ж. Шахметов жолдас селолар мен ауылдарға баратын мамандардың СОКП Орталық Комитетінің сентабрь Пленумы белгілеген орасан зор міндеттерді орындау күресінде табысқа жетулерін тіледі. (ҚазТАГ).

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.